

Жақсыбайкөл негізгі мектебінің 2022-2023 оқу жылы бойынша мектеп психологының атқарылған жұмысы туралы хабарлама

Оқу жылының басында 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары құрылып, бекітілді.

Қыркүйек айында мектепке оқуға даярлықтың жалпы деңгейін анықтау мақсатында 1 сынып оқушыларынан Керн Йрасек әдістемесі алынды. Диагностикаға барлығы 4 оқушы қатынасты. Нәтижесінде 1 оқушы оқуға дайын, 3 оқушы оқуға дайындығы орташа деңгейде екендігі анықталды.

Сонымен бірге осы бірінші кластан «Менің класым» жобалау әдістемесі алынды.

Мақсаты: Оқушылардың мектепке бейімделу деңгейін анықтау Алынған әдістеменің қорытындысы шығарылып, анықтамасы жазылды.

Ата-аналармен «Жүрек жылуы» тақырыбында тренинг өткізілді. Мақсаты: Бала тәрбиесі дамуындағы басты рөлді атқарушы – отбасы. Сондықтан ата-ананың бала көңілін таба білуіне ой қозғау, өзін-өзі тануына бағыт беру, тәрбие жайлы пікір бөлісу. Ата-аналарға балаға рухани тәрбие берудегі отбасының рөлі жайлы түсіндіру Тренинге барлығы 12 ата-ана қатынасты.



6-9 класс оқушыларымен агрессия деңгейін анықтау мақсатында Басса Даркий сауалнамасы алынды. 6-9 класс оқушыларынан барлығы 30 оқушы қатынасты. Барлық оқушының да агрессия, қастандық деңгейі қалыпты.

6- класс

№	Білім алушының коды	агрессия	Нәтиже өлшемдері	қастандық	Нәтиже өлшемдері
1.	111130М- - 050361	11	қалыпты	8	қалыпты
2.	110812М – Р-250420	14	қалыпты	9	қалыпты
3.	110122М - - 250312	15	қалыпты	10	қалыпты
4.	110525Ж - - 560283	9	қалыпты	4	қалыпты
5.	110706 М- - 650287	19	қалыпты	10	қалыпты
6.	110725М - - 550285	12	қалыпты	9	қалыпты
7.	111120Ж - - 060302	13	қалыпты	10	қалыпты

7-класс

№	Білім алушының коды	Нәтиже өлшемдері	Нәтиже өлшемдері
1.	101217\Ж - - 760290	қалыпты	қалыпты
2.	100627М - - 755373	қалыпты	қалыпты
3.	100719М - - 955437	қалыпты	қалыпты
4.	100506Ж - - 665383	қалыпты	қалыпты
5.	100408М- - 850001	қалыпты	қалыпты
6.	101116Ж - - 660235	қалыпты	қалыпты
7.	100222Ж - - 265371	қалыпты	қалыпты
8.	101030Ж - - 060320	қалыпты	қалыпты
9.	101122Ж - - 260333	қалыпты	қалыпты
10.	100429Ж - - ӘА-965247	қалыпты	қалыпты

8-класс

№	Білім алушының коды	Нәтиже өлшемдері	Нәтиже өлшемдері
1.	090403М - - 355270	қалыпты	қалыпты
2.	091121М - - 155150	қалыпты	қалыпты
3.	090515М - - 555482	қалыпты	қалыпты
4.	090202М- - 255323	қалыпты	қалыпты

9-класс

№	Білім алушының коды	Нәтиже өлшемдері	Нәтиже өлшемдері
1.	080117М- - 755337	қалыпты	қалыпты
2.	080619М- - 955454	қалыпты	қалыпты
3.	080220М- - 055544	қалыпты	қалыпты
4.	080602М- - 255470	қалыпты	қалыпты
5.	080414М- - 455306	қалыпты	қалыпты
6.	080914Ж- - 465419	қалыпты	қалыпты
7.	081218Ж- - 865432	қалыпты	қалыпты
8.	081128Ж- - 865585	қалыпты	қалыпты
9.	0802525М- - 555327	қалыпты	қалыпты

5 сынып оқушылары арасында «Із кесуші» акциясы өткізілді. Акцияның мақсаты: Оқушылардың көңіл-күйлерін көтеру, ұжымдық ортада өзін-өзі ұйымдастыру. Акцияға оқушылар белсенділік танытып, берілген сұрақтарға қызығушылықпен жауап берді.



5 сыныпқа оқу мотивациясын тексеруге арналған Лусканованың анкеталық әдістемесі алынды.

5-6-7-8-9 сыныпқа «Социометрия» әдістемесі алынды. Мақсаты: Балалар арасында өзара қарым-қатынасын анықтау.



Мектеп бойынша оқшау оқушы анықталмады.

Оқушылардың депрессия, үрей, стресс деңгейлерін анықтау мақсатында 8-9 сыныптар үшін DASS сауалнамасы алынды. Сауалнама нәтижесінде барлық оқушы қалыпты деңгейде деп анықталды.

8-9 класс оқушыларымен «Калейдоскоп» психологиялық ойын ойнатылды. Мақсаты: оқушыларды топтастыру, көңіл-күйлерін көтеру, ойларын ширату, сергіту жаттығуларын жасау. Ойынға барлығы 15 оқушы қатынасты.



Ғаламтор ойындарының бала өміріне қауіпті екенігін түсіндіру мақсатында «Балалардың ғаламтор желісіндегі қауіпсіз мінез-құлқы» тақырыбында ата-аналарға түсінік жұмыстары жүргізілді.



«Бала құқығы – адам құқығы» жоспарына сай, «Құқығым бар...» тақырыбында мектеп оқушыларымен тренинг өткізілді.

Күзгі каникул уақытында «Өмір – бақыт. Бәрі өз қолыңда» тақырыбында тренинг өтті. Мақсаты: Өмір адамға баға жетпес сый екенін түсіндіре отырып, сол өмірді сүйеге, өмірге деген жағымды көзқарас қалыптастырып, құштарлықтарын арттыру, бір-бірлерін түсініп, сенім арту, бір-бірімен қарым-қатынасыян жақсарту.



Депрессиялық жағдайларды және депрессияға жақын жағдайларды дифференциалды диагностикалау мақсатында Зунге шкаласы (Т.И. Балашованың бейімдеуі бойынша) әдістемесі алынды.

5-9 сынып оқушыларының Белов бойынша темперамент типтері анықталды.

8 сынып оқушылары үшін жасөспірім және жеткіншек жастағы оқушылардың ақыл-ой дамуын диагностикалау мақсатында «Мектептік ақыл-ой деңгейін анықтау тесті» (ШТУР) алынды.

5-6 сыныптар арасында «Құпия дос» психологиялық акциясы өткізілді. Мақсаты: оқушылар арасында жақсы көңіл-күй сыйлау, достық қарым-қатынасты нығайту.



9 сынып оқушылары үшін ситуациялық мазасыздық, жеке мазасыздық шкаласын анықтау мақсатында «Спилберг-Ханиннің мазасыздық деңгейін анықтау» сауалнамасы алынды.

Нәтижесінде мазасыздығы жоғары оқушы анықталмады.

Сонымен қатар «Джон Голландтың тұлғаның типтерін анықтау»

Нәтижесінде: 1 оқушы реалистік тип, 2 оқушы әлеуметтік тип, 1 оқушы конвенционалды тип, 1 оқушы іскер тип, 1 оқушы әртістік тип болып анықталды.

«Қызығушылық картасы». (А.Е. Голомшток әдістемесі бойынша) әдістемелері алынды. Нәтижесінде:

1 оқушы әсери мамандық, 1 оқушы дене шынықтыру және спорт, 1 оқушы медицина, дене шынықтыру және спорт, 1 оқушы экономика

5 пен 6 класс оқушыларына «Қабілет диагностикасы» алынды. Мақсаты: Балалардың қабілетін диагностикалау және оқушыларды кәсіптік бағдарлау.

Бастауыш класс оқушыларымен «Қабылдау мен есте сақтау қабілетін дамытуға арналған жаттығулар» өткізілді.

5 класпен «Ұйқыдағы қала» психологиялық ойыны өтті. Мақсаты: оқушылардың таңдаған мамандықтарының өздеріне қоятын талаптарын ұғындыру және әрбір мамандыққа жауапкершілікпен қарауға үйрету. Топ бойынша жұмыс жүргізу.

4 класс оқушыларымен танымдық процестерді зерттеу, біліктілікті зерттеу әдістемелері алынды. Бастауыш класс оқушыларымен эмоциональды жағдайын бақылауға арналған жаттығулар өткізілді. Мысалы: «Менің көңіл-күйім неге ұқсайды?», «Айна», «Кәсіпқой», «Қағаздан жасалған қар», «Болашақ чемпиондар» т.б.



15 мамыр отбасы күніне байлаанысты «Менің берік отбасым» атты ата-аналармен кездесу өтті. Мақсаты: Тәрбие мәселелерінде ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын арттыру.



Алынған әдістеме, сауалнама қорындылары шығарылып, анықтамалары жазылды. Және жасалған жұмыстардың барлығы электронды журналға түсірілді.

Қыркүйек айында Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы психологиялық-әлеуметтік қолдау бөлімінің ұйымдастыруымен облысымыздағы педагог-психологтарға арналған «Білім беру ұйымдарындағы жаңа формациядағы психологиялық қызметті ұйымдастыру» тақырыбында онлайн форматта отырыс өтті.

16 қыркүйек күні онлайн форматта «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың, оларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алуды ұйымдастыру жолдары» тақырыбында облыстық семинар өткізілді.

30 қыркүйек күні Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы психологиялық-әлеуметтік қолдау бөлімінің ұйымдастыруымен «Психологиялық қызметті есепке алу электронды журналдың жүргізілу жұмысы» тақырыбында семинар өтті.

22 қазан күні «Түзету-дамыту бағытындағы психологиялық ойындар маңыздылығы» тақырыбында аудандық семинар өткізілді.

Қараша айында педагог-психологтар арасында өткен облыстық пәндік олимпиададан I орынға ие болып, I дәрежелі дипломмен марапатталдым.

Мектеп психологы: Балпашова Г.